

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Бір жылда біз не үйрендік

ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.02.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/30444/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Шешенбаева Әлия Аманқызы**

Мақсаты: Балалардың бір жылдық білімдерін тиянақтау. Балаларға сұраққа толық жауап беруге үйрету. Балаларға өткенді үш тілде қайталай білуге дамыту. Үш тілде еркін сөйлеуін дағдыландыру. Таным, қатынас, шығармашылық, коммуникация салалары бойынша балалар өткендерін қортындылауға тәрбиелеу.

Билингвальды компонент: Қызыл-красный, сары-желтый, ақ-белый.

Қолданылатын көрнекіліктер: үлгі суреттер, слайд, таяқшалар.

Сөздік жұмыс: Цилиндр, конус.

Әдіс-тәсіл: Үйрету, көрсету, түсіндіру, мадақтау.

Шаттық шеңбер.

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Армысың алтын күн

Сәламатсызба достарым

Сәламатсызба қонақтар.

Здраствуй солнце золотое

Здраствуй небо голубое

Здраствуйте мой друзья

Здравствуй гости дорогие.

Гуд монин сан

Гуд монин гастить

Гуд монин френдс.

Ойын: «Кім тапқыр»

Мақсаты: Балалар шеңберде тұрып допты қағшып алып ,қойылған сұрақтарға толық жауап береді.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде неше ай бар, көктем айларын ата?

-Көктем мезгілінде ауа -райы қандай болады?

-Бір аптада неше күн бар, апта күндерін ата?

-Бір жылда неше мезгіл бар, ата?

-Қазақстан Республикасының президенті кім?

— Елордамыз қай қала?

-Біз қай тілде сөйлесеміз?

— Сен қандай балабақшаға келесін?

-Ақбота балабақшасының қай тобына келесін?

-Отан туралы тақпақ білесің бе?

Балалар орнымызға отырамыз.

Балалар ненің дыбысын естіп тұрмыз.

Балалар : Құстардың , жаңбырдың,күн күркірегенін дыбысын естіп тұрмыз.

Тәрбиеші: Ия ,дұрыс айтасыңдар.

Ғажайып сәт: Төрт жыл мезгілі келеді.

-Сәламатсызба балалар.

Біз төрт жыл мезгіліміз.

Жапырақтар сарғаяды

Күн бұлттанады

Жаңбыр жиі жауады

Құстар жыллы жаққа ұшады

Айтыңдаршы, балалар

Бұл қай кезде болады?

Балалар: Күз

Күз ханшасы: Күзде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Күзде күн салқындап,ағаш жапырақтары сарғайып,жаңбыр көп жауады.

Күз ханшасы: Менің шарымның түсі қандай?

Балалар: Сенің шарыңның түсі сары-желтый -елау.

Күз ханшасы: Осы шарда тапсырмалар бар ,орындауға дайынсыңдар ма?

Балалар : ия

Шана зырғып, желетін

Шаңғы коньки тебетін

Аққала жасап ойнайтын

Қай мезгіл деп ойлайсың?

Балалар: Қыс.

Қыс ханшасы: Қыста ауа-райы қандай болады?

Балалар : Қыста күн суық аяз болады,қар жауады,шанамен зырғанаймыз.

Қыс ханшасы: Менің шарымның түсі қандай?

Балалар: Сенің шарыңның түсі ақ-белый-уайт.

Қар, мұз еріп,

Су көбейіп,

Жапырақ ашып,

Бәйшешектер басады

Айтыңдаршы балалар

Бұл қай кезде болады?

Балалар: Көктем.

Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Көктемде күн жылынып, ағаш жапырағы жасыл болады, құстар ұшып келеді.

Көктем ханшасы: Менің шарымның түсі қандай?

Балалар: Жасыл-зеленый-гринь.

Күннің көзі шуақты

Балалар жүр шомылып,

Көбелек қуып ойнайтын

Қай мезгіл деп ойлайсың?

Жаз ханшасы: Жазда ауа-райы қандай болады?

Балалар: Жазда күн ыссы болады, гүлдер өседі, адамдар теңізге шомылады.

Жаз ханшасы: Менің шарымның түсі қандай?

Балалар: Сенің шарыңның түсі қызыл-красный-рейд.

Балалар осы шарлардағы тапсырмаларды орындауға дайынсыңдар ма?

Балалар: Ия.

Күз ханшасының тапсырмасы.

1-Тапсырма.

1. Сурет бойынша әңгіме құрастыр.

2. Отбасы мүшелерін үш тілде ата?

3. Отбасы туралы тақпақтар білесіңдер ме?

4. Қандай ертегілерді білеміз?

4. Сергіту сәті.

Қыс ханшасының тапсырмасы:

1. Азфавитте неше әріп бар ?

2. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

3. Кім білгіш ойыны.

Мақсаты: Көрсетілген дыбыстарға балалар текше көтеру арқылы дауысты, дауыссыз екенін ажырату.

Көктем мезгілінің тапсырмасы.

1. Кубизм әдісі балаларға кубикті лақтыру арқылы балалар әріпке сөз айтып кейін қайтару.
2. Суретке қарап сөз құрау

Жаз мезгілінің тапсырмасы

Математика оқу қызметінде 0 -ден бастап нешеге дейінгі сандармен таныстыңдар және ол сандарды үш тілде санап білесіңдер ме?

2. Қандай геометриялық пішіндер мен денелермен таныстыңдар?

3. Таяқшалардан қалаған заттарын құрастыр да, айтып бер.

Балалар міне біз төрт жыл мезгілінің тапсырмаларын толық орындадық.

Төрт жыл мезгілі балалармен қоштасады.

Қортынды.

-Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?

-Қандай тапсырмалар орындадық?

— Алфавитте неше әріп бар екен?

— Дыбыстар нешеге бөлінеді?

-Таяқшалардан не құрастырдық?

Балаларды мадақтау.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.